

**2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ КҮЗГІ СЕМЕСТРІНДЕГІ АРАЛЫҚ
АТТЕСТАЦИЯНЫ АРАЛАС ФОРМАТТА ЖӘНЕ ОНЛАЙН ПРОКТОРИНГІН
ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ**

1. ҚБТУ-да 2021/22 оқу жылының күзгі семестріндегі аралық аттестаттау академиялық күнтізбемен (бакалавриат, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру) белгіленген кезеңде аралас форматта өткізіледі.
2. Емтиханды онлайн форматта өткізу кезінде proctoredu прокторингін пайдалану міндетті.
3. Үйде орындалған жеке/топтық жазбаша жобалар Turnitin жүйесі арқылы тексеруден өтеді.

Қорытынды емтихан түрлері:

- Жазбаша емтихан: прокторинг жүйесін қолдана отырып, тест және/немесе онлайн және офлайн форматында ашық сұрақтар түрінде;
- Онлайн форматындағы ауызша емтихан;
- «Ашық кітап» (take-home open book exam) форматы бойынша алдын ала берілген тапсырмалар мен сұрақтар бойынша үйде орындалған жеке/топтық жобалар онлайн тапсырылады;
- Онлайн және офлайн форматындағы аралас емтихан (жобалар және ауызша қорғау).
- Онлайн-жазбаша және ауызша
- Офлайн-жазбаша
- Аралас-жазбаша және ауызша

1. Оқытушылар жадынамамен (1-қосымша) танысады, емтихан өткізу нұсқаулығын (5-қосымша Нұсқаулықтың үлгілік формасы) толтырады және оны Uninet-тегі оқытушылар парақшасына және 2021 жылғы 8 қарашаға дейін емтихан өтетін платформаға салулары тиіс, сондай-ақ 2021 жылғы 8 қарашаға дейін емтихан билетінің нөлдік нұсқасын қояды.
2. Білім алушылар әр пән бойынша қорытынды бақылау туралы оқытушылардың нұсқаулықтарымен алдын ала танысуы тиіс.

Маңызды: барлық емтихандар қатаң түрде бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі. Кесте wsp.kbtu.kz (uninet жүйесі) парақшасына жүктелген.

Тыйым салынады:

1. Тиісті сілтемесіз басқа адамның идеяларын, сөздерін немесе мәлімдемелерін иемдену немесе қолдану.
2. Оқытушыға жалған ақпарат беру, сабаққа қатыспау мақсатында жалған себеп айту немесе жұмыс тапсырылды деген жалған мәлімдеме жасау.
3. Сыртқы көмекті тиісті рұқсатсыз пайдалану немесе осы көмекке жүгінгендігін мойындамаудың кез-келген әрекеті.

Қорытынды емтихандарға жіберілетін білім алушылар:

- Қаржылық берешегі жоқ білім алушылар;
- Бір семестрде 30 және одан жоғары балл жинағандар;
- Академиялық демалыста емес білім алушылар.

Емтихан өткізу үшін техникалық жарақтандыруға қойылатын ең төменгі талаптар:

Параметрлер	Талаптар
Веб-браузер	Chrome 72, Opera 59, Firefox 66, Edge 79, Яндекс.Браузер 19.3
Операциялық жүйе	Windows 7, macos 10.12 "Sierra", Linux
Мобильді нұсқа	Android 4.4+ Chrome, ios 12+ Safari
Веб-камера	640x480, 15 кадрлар/с
Микрофон	Кез келген
Динамиктер (дауыс еселегіштер)	Опциональды
Желі (интернет)	256 Кбит/с

7. Жазбаша емтихан: прокторинг жүйесін қолдана отырып, тест және/немесе онлайн түрде ашық сұрақтар форматында;

7.1 Онлайн емтиханның барлық қатысушылары онлайн прокторинг кезіндегі нұсқаулықтармен Wsp.Kbtu.Kz (Uninet Жүйесі) басты бетінде танысуы тиіс.

7.2 Емтихан билетін автоматты түрде құрастыру.

7.3 Оқытушы 5 жұмыс күні ішінде студенттердің әрқайсысының жауаптарын бағалайды және ТК-ге (Тіркеуші кеңсеге) ведомость жібереді. Баллдар да Wsp.Kbtu.Kz-тегі ведомоске ауыстырылады.

7.4 Оқытушыға арналған жадынама 1-қосымшада.

Тапсырмалар мен тестілерді шешумен қатар, жазбаша жұмыстар Turnitin антиплагиаты жүйесінде түпнұсқалылыққа тексерілуі міндетті.

8. Онлайн форматындағы ауызша емтихан:

8.1 Емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын оқытушы мен студент интернет байланысының, ноутбуктің жұмысын тексереді.

8.2 Оқытушы студенттердің емтиханға қатысып отырғандықтарын тексереді және өзінің келу парағында белгілейді.

8.3 Емтихан күні және емтиханның басында оқытушы студенттерге жалпы чатта немесе басқа тәсілмен емтиханның басталғандығы туралы мәлімдейді.

8.4 Барлық қатысушылар конференцияға онлайн қосылғаннан кейін оқытушы:

1. Емтиханның бейнежазбасын қосады;
2. Емтиханға қатысушылармен амандасады;
3. Бейнежазба жүргізіліп жатқанын ескертеді;
4. Емтихан тапсырушыларға емтиханның өту тәртібі, дайындалу уақыты, жауап беру уақыты туралы хабарлайды;
5. Интернетті, әлеуметтік желілерді пайдалануға тыйым салады және көшіруге

болмайтындығы туралы ескертеді;

6. Емтиханның өту ережелерін айтады (әрбір пәннің нұсқаулығынан)

8.5 Әрі қарай оқытушы білім алушының тегін, атын және әкесінің атын айтып, оны id бейнекамерасына көрсетуді сұрайды.

8.6 Оқытушы білім алушы жауап беруі тиіс билет нөмірін атайды және нақты билет файлын өткізілетін платформадағы сынып чатында немесе пән нұсқаулықтарында алдын ала көрсетілген басқа ресурста жариялайды.

8.7 Білім алушыға жауаптарға дайындалуға уақыт беріледі.

8.8 Оқытушы емтихан тапсырушының жауабын қабылдайды және жауап аяқталғаннан кейін емтихан тапсырушыға жиналыстан шығуға рұқсат береді.

Бұдан әрі рәсім әрбір білім алушымен қайталананды.

Емтихан қорытындысы бойынша оқытушы қорытынды ведомоске балл қояды.

9. Алдын ала берілген тапсырмалар мен сұрақтар бойынша «ашық кітап» (take-home open book exam) арқылы үйде орындалған жеке/топтық жобалар. Онлайн форматындағы аралас емтихан (жобалар және ауызша қорғау):

9.1 Емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын оқытушы мен студент интернет байланысының, ноутбуктің жұмысын тексереді.

9.2 Оқытушы студенттердің емтиханға қатысып отырғандықтарын тексереді және өзінің келу парағында белгілейді.

9.3 Емтихан күні және емтиханның басында оқытушы студенттерге жалпы чатта немесе басқа тәсілмен емтиханның басталғандығы туралы мәлімдейді.

9.4 Барлық қатысушылар конференцияға онлайн қосылғаннан кейін оқытушы:

1. Емтиханның бейнежазбасын қосады;
2. Емтиханға қатысушылармен амандасады;
3. Бейнежазба жүргізіліп жатқанын ескертеді;
4. Емтихан тапсырушыларға емтиханның өту тәртібі, дайындалу уақыты, жауап беру уақыты туралы хабарлайды;
5. Интернетті, әлеуметтік желілерді пайдалануға тыйым салады және көшіруге болмайтындығы туралы ескертеді;

9.5 Жоба тобымен әрбір кездесу арасында 10 минуттық үзіліс (бұл уақыт емтиханның жалпы уақытына кірмейді).

9.6 Емтихан басталар алдында әрбір топ сөз сөйлеу басталғанға дейін 5 минут бұрын тимс-ке байланыс жұмыс істеп тұр және дайын екендігі туралы хабарлама жазады.

9.7 Байланыс проблемалары туындаған жағдайда топ автоматты түрде соңғы кезекке қойылады және уақыт олар үшін қайтадан белгіленеді.

9.8 Топтың әрбір мүшесіне жобаның бір бөлігі бойынша сұрақ қойылады. Жоба бойынша әрбір топқа 15 минуттан артық емес уақыт ұсынылады.

10. Жазбаша, аралас емтихан офлайн форматта:

10.1 Университет ғимаратында емтиханды офлайн форматта өткізу кезінде санитарлық-

эпидемиологиялық нормаларды басшылыққа алу қажет.

10.2 Проктор емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын келуі тиіс.

10.3 Студент өзінің ID картасын немесе жеке куәлігін көрсетіп, аудиторияға кірген кезде келу парағына қол қоюы тиіс.

10.4 Емтихан басталғаннан кейін студентке аудиториядан шығуға **тыйым салынады**. Тек шұғыл жағдайларда емтихан алушының келісімі бойынша.

10.5 Деректерді сақтау мүмкіндігі бар барлық кітаптар, жазбалар, дәптерлер, сөмкелер, пеналдар, футлярлар, сыртқы киімдер, электрондық аспаптар арнайы көрсетілген жерге жиналуы тиіс. Барлық ұялы телефондар ажыратылып, емтихан алушыға/прокторға тапсырылуы керек.

10.6 Студенттерге емтиханға (жыл мезгіліне қарамастан) күләпара (капюшон), шарф, орамал, бас киім, қолғап және басқа да бөгде заттарды қоса алғанда, сыртқы киімде болуына үзілді-кесілді тыйым салынады.

10.7 Студентте емтиханда тек қалам, қарындаш, өшіргіш, деректерді сақтау мүмкіндігі жоқ калькулятор болады, сондай-ақ емтихан алушының рұқсатымен қажетті каталогтар ұстауына рұқсат берілуі мүмкін.

10.8 Қаламдармен, қарындаштармен, өшіргіштермен және калькуляторлармен беруге және айырбастауға жол берілмейді.

10.9 Емтиханда студенттер арасында сөйлесуге тыйым салынады. Басқа студенттің мониторуна немесе емтихан парағына қарау, көшіру әрекеті емтиханның өту Ережелерін өрескел бұзу деп қарастырылады және студент емтиханнан шығарылады. Пәннің соңғы кезеңінде мұндай студентке «0» балл қойылады және «ҚБТУ-да білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттау үлгерімін ағымдағы бақылау ережелеріне» сәйкес семестр бойы жинаған балдарының санына қарамастан пәннің қорытынды бағасы ретінде «F» бағасы қойылады. Емтиханда тәртіп ережелерін бұзу фактісі тағы да анықталған жағдайда студентке тәртіптік жаза қолданылады.

10.10 Емтихан басталған сәттен бастап және емтихан барысында қандай да бір сұрақтар қоюға тыйым салынады (оның ішінде емтихан алушыға/прокторға). Емтихан алушы емтиханның басында ғана тәртіп ережелерін, емтихан жұмыстарын толтыру нысанын және басқа да ұйымдастырушылық мәселелерді түсіндіруге құқылы. Егер емтихан басталған сәттен бастап қосымша сұрақтар туындаса, **тек** прокторға хабарласу қажет.

10.11 Компьютерлік тестілеу кезінде студент компьютерге және емтихан файлына **тек өзінің логинімен** кіреді. Тестіні тапсыру аяқталғаннан кейін және тест нәтижелері сақталғаннан кейін студент аудиториядан шығуы керек.

10.12 Емтиханға кешігіп келген студенттер емтихан алушының рұқсаты бойынша жіберіледі, бұл ретте емтихан уақыты ұзартылмайды.

10.13 Емтихан уақыты аяқталғаннан кейін әрбір студент емтихан сұрақтарымен жұмысты жалғастыру мүмкіндігін талқыламай, өзінің емтихан парағын тапсыруға міндетті.

10.14 Жауаптар тек қаламмен толтырылады, олай болмаған жағдайда емтихан тапсырылды деп есептелмейді.

11 «Incomplete» бағасын қою:

11.1 Білім алушы белгілі бір себептер бойынша ҚОТ қолданылатын емтиханға қатыса алмаған жағдайда:

- жеткілікті техникалық құралдардың болмауы;

- интернетке қол жеткізудің болмауы немесе шектеулі болуы;

білім алушының өтініші бойынша «I» («Incomplete» - «аяқталмаған») бағасы қойылады.

Аралық аттестаттау білім алушының қалауы бойынша 2022 жылғы 10-21 қаңтарға онлайн форматта және тек ауызша форматқа (бейне/аудио қоңырау) ауыстырылады.

11.2 Білім алушы осы Ережелерге 3-қосымшада көзделген формаға сәйкес жоғарыда көрсетілген себептер бойынша емтиханды ауыстыру туралы өтінішті incomplete@kbtu.kz. Электрондық мекенжайына жібереді

11.3 «Incomplete» бағасы білім алушының емтиханды онлайн форматта тек ауызша форматта (бейне/аудио қоңырау) тапсыруы арқылы белгіленген мерзімінен кешіктірілмей өзгертілуі тиіс.

11.4 Егер білім алушы белгіленген мерзімде емтихан тапсырмаса, білім алушыға «қанағаттанарлықсыз» («F») бағасы қойылады.

11.5 «Incomplete» бағасы ағымдағы үлгерімі бойынша 30 баллдан кем алған білім алушылар үшін қолданылмайды.

12. Емтихан кезіндегі техникалық ақаулар

12.1 Білім алушыларда емтихан кезінде 10 минуттан артық техникалық ақаулар туындаған жағдайда оларға 72 сағат ішінде ауызша түрде емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі. Бұл ретте, байланысты жоғалтқаннан кейін білім алушы пәнді, оқытушының тегін және емтиханнан шығу уақытын көрсете отырып, whatsapp-пен хабарлама жіберу арқылы деканат менеджерін немесе оқытушыны дереу хабардар етуге, болмай жатқан жағдайда деканат менеджеріне телефон арқылы қоңырау шалуға міндетті.

12.2 Егер техникалық ақаулар 10 минуттан аз уақытқа созылса, тек бір ғана қайта қосылуға жол беріледі. Білім алушыға одан кейінгі қайта қосылуларға рұқсат етілмейді, сондықтан екінші қайта қосылуға әрекет жасаған кезде емтихан үзіледі және білім алушы емтиханды 72 сағат ішінде ауызша түрде қайта тапсыруы тиіс. Білім алушы пәнді, оқытушының тегін және емтиханнан шығу уақытын көрсете отырып, whatsapp-пен хабарлама жіберу арқылы деканат менеджерін немесе оқытушыны дереу хабардар етуге, болмай жатқан жағдайда деканат менеджеріне телефон арқылы қоңырау шалуға міндетті.

12 Апелляция

- ҚОТ режимінде емтихан сессиясын өткізу кезінде тек емтихандар өткізілген пәндер бойынша ғана апелляция беруге рұқсат етіледі.
- Білім алушы емтихан нәтижелері бойынша қойылған бағамен келіспеген жағдайда және алынған балдарды оқытушымен талқылағаннан кейін ғана апелляцияға беруге құқылы. Апелляция беруге оқытушының рұқсаты талап етілмейді.
- Апелляцияға өтініш онлайн режимде нәтижелер жарияланғаннан кейін 48 сағаттан

кешіктірілмей беріледі. Келесі мәселелер бойынша апелляция беріледі:

- Емтихан - пән қатысты деканатқа,
- Онлайн прокторинг - proctoring@kbtu.kz электрондық поштасына.

12.1 Онлайн прокторингімен емтихан өткізу ережелері

i. Емтихан қабылдаушы үшін:

12.1.1 Студенттерге емтихан өтетін форма мен платформаны көрсете отырып, қорытынды емтиханнан өту бойынша нұсқаулық дайындау.

- Прокторингілік жүйені пайдаланбайтын емтихан түрлері: ауызша, жобалар, аралас (жазбашаны ауызша қорғау)
- Прокторингілік жүйені пайдаланумен өтетін емтихан түрлері: жазбаша (тестілер, тапсырмалар, ашық сұрақтар)

12.1.2 Егер емтихан прокторингісіз өткізілсе, онда ол оқытушының нұсқауларына сәйкес оқытушы көрсеткен платформада өткізіледі.

12.1.3 Егер емтихан прокторингілік жүйені пайдалана отырып жүргізілсе, онда ол proctoredu платформасында kbtu.proctoring.online мекенжайы бойынша өтеді.

12.1.4 Прокторингілік жүйені пайдалана отырып емтихан өткізу үшін келесілер талап етіледі:

- сабақ кестесіне сәйкес 15-аптада өткізілетін сынақ емтиханы үшін емтихан сұрақтарын және сессия кезінде өткізілетін негізгі емтиханға арналған емтихан сұрақтарын келесі платформалардың бірінде дайындау:

- Microsoft Forms
- Classmarker
- Google Forms

- осы емтихандарға сілтемелер жасап, оларды proctoredu жүйесіне жүйенің әкімшісі арқылы енгізу үшін деканатқа жіберу қажет.

- Microsoft Forms немесе Google Forms платформасында емтихан тапсырмаларын дайындау кезінде келесілерге назар аудару қажет:

1) Форманы ашық етіп конфигурациялау керек (авторизацияны қажет етпейтіндей), өйткені proctoredu жүйесі жабық формаларды қолдамайды;

2) Нысанға екі міндетті сұрақты қосу қажет: білім алушының аты-жөні және студенттердің жауаптарын сәйкестендіру үшін оның корпоративтік электрондық поштасының мекенжайы.;

3) Нысанда емтиханның басталу күні мен аяқталу күнін туралап қою қажет. Басталу күнін осы пән кестесінде көрсетілген күннен 15 минут бұрын көрсету керек;

- Classmarker платформасында емтихан тапсырмаларын дайындау кезінде келесілерге назар аудару қажет:

1) тестіні сілтеме бойынша кіру үшін конфигурациялау қажет (авторизацияны қажет етпейтіндей), өйткені proctoredu жүйесі авторизацияны талап ететін тестілерді қабылдамайды;

2) тестіде емтиханның басталу күні мен аяқталу күнін туралап қою керек. Басталу күнін осы пән кестесінде көрсетілген күннен 15 минут бұрын көрсету керек.

12.1.5 Емтихан күні емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын kbtu.proctoring.online мекенжайы бойынша өту және корпоративтік поштаға жіберілген пайдаланушы аты мен парольді пайдаланып авторизациялану керек.

12.1.6 Емтиханға емтихан алушы және проктор ретінде қатысу.

12.1.7 Емтихан аяқталғаннан кейін қажеттілік немесе даулы сәттер туындаған жағдайда білім алушылардың емтиханнан өту рәсімінің аудио және бейне жазбаларын қағидаларды бұзушылықтарды анықтау үшін қайта қарау.

12.1.8 Техникалық проблемалар туындаған жағдайда «Proctoring Microsoft Forms», «Proctoring Classmarker», «Proctoring Google Forms» whatsapp тобтарынан көмек сұрау

12.2 Проктор үшін:

12.2.1 ҚОТ жағдайында емтихан өткізу ережелерімен танысу;

12.2.2 proctoredu прокторингтік жүйесін пайдалану нұсқаулықтарымен танысу, «Ms Teams» арналарындағы бейнежазбаларды қарау.

12.2.3 Емтихан күні емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын kbtu.proctoring.online мекенжайы бойынша өту және корпоративтік поштаға жіберілген пайдаланушы аты мен парольді пайдаланып авторизациялану керек;

12.2.4. Қорытынды емтиханды өткізу барысын бақылау және білім алушының жұмыс үстелінен және камераларынан алынатын видео бейнелер арқылы емтиханда өзін өзі ұстау ережелерін сақтап отырғандықтарын бақылау, сондай-ақ қажет болған жағдайда білім алушының компьютерінен алынатын аудиожазбаларды мониторингілеу;

12.2.5. Білім алушымен өзара әрекеттесу қажеттілігі туындаған жағдайда (мысалы, білім алушылар тарапынан мәселелер немесе сұрақтар туындаған кезде және т. Б.) Proctoredu жүйесіне кіріктірілген чатты пайдалану;

12.2.6. Айқын бұзушылықтар анықталған жағдайда білім алушыны емтиханнан шығару бойынша шаралар қабылдау.

12.2.7. Емтихан аяқталғаннан кейін қажеттілік немесе даулы сәттер туындаған жағдайда білім алушылардың емтиханнан өту рәсімінің аудио және бейне жазбаларын қағидаларды бұзушылықтарды анықтау үшін қайта қарау.

12.3 Білім алушылар үшін:

12.3.1 Емтихан кезіндегі тәртіп Ережелерімен, оқытушының пән бойынша емтихан өткізу жөніндегі нұсқаулықтарымен, сондай-ақ емтихандардың өту форматы мен пайдаланылатын платформалар көрсетілген пәндер тізімімен танысу (4 және 5- қосымша):

- Егер емтихан прокторингісіз өткізілсе, онда ол оқытушының нұсқауларына және пәндер тізіміне сәйкес оқытушы көрсеткен платформада өткізіледі;

- Егер емтихан прокторингілік жүйені қолдана отырып жүргізілсе, онда ол kbtu.proctoring.online мекенжайы бойынша proctoredu платформасында өткізіледі.

Егер емтихан прокторингілік жүйені пайдалана отырып өткізілсе:

12.3.2 proctoredu прокторингілік жүйесін пайдалану нұсқаулықтарымен танысу.

12.3.3 Техникалық құралдардың <https://proctoredu.ru/check>: парақшасындағы прокторинг жүйесімен Компьютердің үйлесімділігін тексеруден өткізу, proctoredu жүйесінің ең аз талаптарына сәйкес келетініне көз жеткізу.

- егер тексеру сәйкессіздікті көрсетсе - бұл техникалық құралды осы талаптарға сәйкес келетін құралмен ауыстырыңыз;

- егер техникалық құралды ауыстыру мүмкін болмаса:

- Алматы қ. тұратындар - емтихан тапсыру үшін ҚБТУ кампусына, ЕМС кітапхана залына бару уақытын резервтеу үшін деканатқа жүгіну;

- Басқа қалалардан келген студенттер-incomplete бағасын қоюға өтініш жазу.

12.3.4 Емтиханды сәтті өту үшін оның өткізілетін орнын дайындау. Бөлмеде жақсы жарық болуы керек, бөтен адамдар, дыбыстар мен тыйым салынған заттар болмауы тиіс.

12.3.5 Емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын kbtu.proctoring.online мекенжайы бойынша өту және корпоративтік поштаға келген пайдаланушы аты мен парольді пайдаланып авторизациялану. Авторизация студенттің ID және автоматты жүйе жасалған құпиясөзді пайдалана отырып жүргізіледі.

12.3.6 Практикорингілік жүйені пайдалану ережелері бар қысқа бейнероликті қарау және әрбір емтихан басталар алдында жүйе автоматты түрде іске қосатын жабдықтың үйлесімділігіне тестіден өту.

12.3.7 Бет бейнеңнің суретін және ҚБТУ ID картасының суретін салып, жеке басты растау рәсімінен өту (немесе ID карта болмаған жағдайда жеке куәліктің суретін түсіру).

12.3.8 Егер емтихан қосымша камераны қолдануды қамтыса, онда ұялы телефоннан компьютер экранында көрсетілетін QR-кодты сканерлеп, содан кейін телефондағы браузерде код бойынша алынған сілтемені ашу керек. Камера сәтті қосылған кезде телефон экранында «Камера сәтті қосылған» деген жазу пайда болуы тиіс.

12.3.9 Алдыңғы кезеңдер сәтті аяқталғаннан кейін емтихан беті ашылады. Терезенің орталық бөлігінде емтихан (тест) беті ашылады, ал төменгі сол жақ бұрышта сіздің камераңыздан сурет пайда болады.

12.3.10 емтихан уақытында Академиялық адалдық ережелері мен емтихандағы тәртіп ережелерін бұзбау.

12.3.11 сессия барысында проктормен және емтихан алушымен тек экранның оң жағында ашылатын чатта сіздің камераңыздың суреті шығып тұрған сол жақ бұрыштағы кішкене шеңберді басу арқылы сөйлесуге болады.

12.3.12 іс-шарамен қарастырылған тапсырмаларды орындағаннан және емтиханды аяқтағаннан кейін жоғарғы оң жақ бұрыштағы «Аяқтау» батырмасын басу арқылы прокторинг сеансын аяқтау қажет.

ОҚЫТУШЫҒА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА:

Онлайн жазбаша емтихан немесе онлайн прокторингін пайдалану арқылы онлайн тестілеу өткізу кезінде

Сұрақтар тізімін жүктеу

Оқытушы Емтихан сұрақтарын тиісті платформада құрастырады.

Уақытты шектеу

Оқытушы емтихан кестесіне сәйкес уақыт бойынша шектеу қояды.

Сілтеме беру

Оқытушы ОР және деканатқа емтиханға сілтеме ұсынады.

Проктор

Емтихан күні оқытушы емтихан алушы және Проктор рөлін атқарады.

МАҢЫЗДЫ. Емтихан басталар алдында кез келген платформада емтихан билеттерін жариялауға және білім алушыларға жіберуге тыйым салынады.

Оқытушы студенттерге емтихандарға дейін кеңес беру кезеңдерінде келесілерді хабарлайды:

1. Алдағы емтихан туралы нұсқаулықпен және wsp.kbtu.kz платформасында және/немесе сайтта жарияланған емтиханды өткізу формасымен алдын ала танысуға тиіс;
2. Студент уақыт пен арнайы емтихан кестесіне сәйкес құрылғының желіге қосылуын, интернеттің, жеткілікті трафиктің болуын, платформадағы бейнекамераның жұмысын алдын-ала тексереді.
3. Академиялық адалдық ережелерін және емтихан кезінде шпаргалкаларды пайдалану және интернет-ресурстарды, әлеуметтік желілерді пайдалануға тыйым салуды бұзбауы тиіс.
4. Бейнежазбаны үшінші тұлғаларға көрсетуге тыйым салу.

2-ҚОСЫМША

ӨТІНІШ ҮЛГІСІ

(ҚБТУ АИС арқылы ғана жіберіледі)

Факультет деканына / ФБО

Студенттің аты-жөні

Оқу жылы

Факультеті, ОБ шифры

Студенттің ID номері

Өтініш

Емтихан билеті үшін қойылған баллмен менің келіспеуіме байланысты _____
пәні бойынша апелляциялық қарау жүргізуді сұраймын
Оқытушы _____

Толтырылған күні

Қолы

Студенттің аты-жөні

Оқу жылы

Факультет, ОБ шифры

Студенттің ID номері

Өтініш

Онлайн форматта емтихан тапсыру үшін менде техникалық мүмкіндіктердің және интернетке қолжетімділіктің шектелуіне/ болмауына байланысты келесі пәндер бойынша "Incomplete" бағасын қоюыңызды сұраймын (барлық пәндерді атаңыз):

1. _____
2. _____
3. _____

Толтырылған күні
Қолы

2021-2022 оқу жылының күзгі семестрінде болатын қорытынды емтихандардың өткізілу түрлері көрсетілген пәндер тізімі:

БАКАЛАВРИАТ бойынша 2021-2022 оқу жылының күзгі семестрінің қорытынды емтихандарының өткізілу формалары.

№	Оқытушының аты-жөні	Пәннің атауы	Емтихан түрі	Платформа	Прокторинг	Ескерту *
Пән-Бастау факультеті						
1						
14						

ПӘН БОЙЫНША ТИПТІК НҰСҚАУЛЫҚ



Емтихандардың өткізілуі бойынша Нұсқаулық

Осы Нұсқаулық аралық аттестаттауды өткізу үшін құрастырылған.

2021-2022 оқу жылының қысқы емтихан сессиясын аралас форматта өткізу.

Осы Нұсқаулық білім берудің келесі деңгейлері бойынша және оқылған пәндер бойынша өтетін емтихандардың шарттары мен өткізілу тәртіптерін реттейді: бакалавриат, магистратура және докторантура.

Факультет і _____

Пәні _____

Оқытушы (аты-жөні) _____

Өткізілу тілі _____

Емтихан ұзақтығы (минутпен) _____

Өткізілу формасы (қажеттіні таңдау) _____

Жобаларды алдын ала Home based open book поштасына жіберу.

Жазбаша Онлайн Teams, Google class room

Жазбаша жауаптар пошта арқылы офлайн

Class marker

Аралас форма (жобалар және ауызша қорғау)

Жазбаша офлайн

Кеңес беру уақыты _____

Студенттің жеке басын растау әдісі (id/бейнекамерасы бойынша және т.б.)

Емтихан қалай өтеді? _____

Емтиханның өтуін қадам бойынша сипаттаңыз:

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. және т.б.

Санаттар бойынша сұрақтар санын және олар үшін ұпайларды егжей-тегжейлі сипаттаңыз (ашық, жабық және т. б.) _____

Студент емтихан тапсырмасын Microsoft Teams қосымшасы арқылы қалай алады

Студент оқытушыға емтихан сұрақтарына жауаптарды қалай жібереді

Әр сұраққа қанша уақыт жоспарланған _____

Қажетті техникалық жарақтандыру: